

**«Жаңа жыл алдындағы істер тізімі»
Акциясының ережелері**

1. Осы Ережелермен «Жаңа жыл алдындағы істер тізімі» Акциясының (әрі қарай – «Акция») өткізілу тәртібі мен шарттары анықталады.
2. Акция жеңімпаздары осы Ережелерде айтылған критерийлерге сәйкес анықталатын болады.
3. Акция Ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық д-лы, 132, 5-кеңсе мекенжайы бойынша орналасқан «ROI GROUP» (РОИ Групп) (БСН 151240005397) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай – «Ұйымдастырушы») болып табылады.
4. Акция мердігері Украина, 04071, Киев қ., Верхний Вал көшесі, А корпусы, 2-кеңсе мекенжайы бойынша орналасқан Limited liability company «CSA GRAPE»/ТОВ «АКР ГРЕЙП» (БСН 43494653) (әрі қарай – «Мердігер») болып табылады.
5. Акция серіктесі Visa International Service Association (Виза Интернэшнл Сервис Ассосиэйшн) (әрі қарай – «Visa») болып табылады.
6. Акция мағынасы мен анықтамасы бойынша «Ойын бизнесі туралы» ҚР Заңына және «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды.
7. Акцияға қатысу үшін ақы алынбайды.
8. Акцияға 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын, тұруға ықтиярхаты бар, осы Ережелердің барлық талаптарының шарттарын тиісінше орындаған жеке тұлғалар (әрі қарай – «Акция Қатысушысы») қатыса алады.
9. Акцияға келесілер қатыса алмайды және қатыспайды: Акция Ұйымдастырушысымен немесе Серіктеспен кез келген белгілер бойынша және кез келген нысанда үлестес тұлғалар, соның ішінде қызметкерлер, олардың жақын туыстары (күйеуі/әйелі, ата-анасы (ата-ана), қызы, ұлы, асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары мен апайлары, әжелері, аталары, немерелері), Қазақстан Республикасының бейрезиденттері, осы Ережелердің 8-бабында көрсетілмеген өзге де тұлғалар.
10. Акцияның жүлде қоры:

№	Жұлденің атауы	Жұлделердің жалпы саны	Жеңімпаздар саны
1	Fujifilm Instax Mini 12 White фотоапараты мен 10 полароид суретке арналған катридж	10	Негізгі жеңімпаздар – 10 Резервтік жеңімпаздар – 10

11. Акцияның өткізілу кезеңі: 2023 жылғы 20 желтоқсан күні Астана уақытымен 12 сағат 00 минуттан бастап 2023 жылғы 26 желтоқсан күні 23 сағат 59 минутқа дейін (әрі қарай – «Акция кезеңі»).
12. Акцияға қатысу шарттары:
 - 12.1. Instagram-дағы https://www.instagram.com/visakz_official/ адресі бойынша орналасқан Visa Kazakhstan (@visakz_official) парақшасының оқырманы болу;
 - 12.2. Instagram-дағы @visakz_official парақшасындағы Акция туралы постына лайк басу;
 - 12.3. Instagram-дағы парақшаңызда жаңа жылдық мерекелер алдындағы істер тізімін (жоспарын) «Story» бөлімінде жариялаңыз, тізімді бірге орындағыңыз келетін Instagram-дағы бір досыңыздың аккаунтын, сондай-ақ [@visakz_official](https://www.instagram.com/visakz_official/) Visa аккаунтын белгілеңіз.
 - 12.4. бір Қатысушы тек бір Жұлде алуға құқылы. Бір тұлғаның әр түрлі аккаунттан қатысуына рұқсат етілмейді.
 - 12.5. бүкіл Акция мерзімінде Қатысушының Instagram-дағы парақшасы ашық, шынайы парақша (яғни, нақты бір жеке тұлғаға тиісті болуы керек) және коммерциялық болмауы тиіс;

- 12.6. Акцияға боттар, сондай-ақ конкурстар, акциялар, ұтыс ойындары мен Instagram-да және/немесе Интернетте өткізілетін басқа да жарнамалық науқандар үшін арнайы құрылған парақшалар қатыстырылмайды.
13. Акция Жеңімпаздары (негізгі және резервтік) 2023 жылғы 28 желтоқсанда Астана уақыты бойынша сағат 16:00-де <https://www.random.org> сайтында осы Ережелердің шарттарын толық орындаған Акция Қатысушылары (Қатысушылардың Instagram парақшаларының атауларына сәйкес) арасында кездейсоқ компьютерлік таңдау әдісімен анықталады.
14. Ұтыс ойынын трансляциялау Instagram-дағы @visakz_official парақшасында тікелей эфирде өтетін болады.
15. Мердігер осы Ережелердің 13-бабына сәйкес Жеңімпаздар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жеңімпаздарды Instagram-дағы Қатысушының Direct парақшасына хабарлама жіберу арқылы ұтқаны туралы хабардар етеді.
16. Егер Жеңімпаз Мердігердің хабарламасына 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе Жүлдеден бас тартса, Мердігер бірінші резервтік жеңімпазбен байланысады, ал бірінші резервтік жеңімпазбен байланыса алмаса, екінші резервтік жеңімпазбен және т. с. с. байланысады.
17. Жеңімпаз Мердігердің сұрауымен келесі ақпаратты беруге міндетті: аты-жөні, пошталық индексі бар нақты тұратын мекенжайы, байланыс телефоны, электрондық пошта адресі.
- 17.1. Жеңімпазбен байланыс [@visakz_official](https://www.instagram.com/visakz_official) парақшасынан немесе s.zhumali@roi.kz электрондық поштасы арқылы Мердігердің уәкілетті өкілімен жүзеге асырылатын болады;
- 17.2. Мердігер осы баптың 17.1-тарм. көрсетілмеген басқа байланыс деректері арқылы Жеңімпазбен байланыспайды;
- 17.3. Мердігер, Серіктес ешқашан банк шоттарыңыздың нөмірлері, банк карталарының нөмірлері/фотосуреттері, интернет-банкингтің пайдаланушы аты/құпиясөзі, SMS арқылы келетін бір реттік кодтар, PIN-кодтар, жеке кабинеттердің құпиясөздері, әлеуметтік желілердегі аккаунттар және осы сияқты т. б. құпия ақпаратты сұрап, электрондық хаттар, SMS жібермейді және қоңырау шалмайды.
18. Жүлдені тапсыруды Ұйымдастырушы осы Ережелердің 17-бабында көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Жеңімпаздың (Жеңімпаз ұсынған) пошталық мекенжайына жіберу арқылы жүзеге асырады. Жүлдені алған кезде жеңімпаз жеке куәлігінің көшірмесін беруі, табыстау-қабылдау актісіне қол қойып, Жүлдемен фотоға түсуі тиіс.
19. Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес Мердігер, Ұйымдастырушы мен Серіктестің қатысы жоқ кез келген себептермен Жеңімпаздың Жүлдені алу мүмкіндігі болмағаны үшін жауапкершілік тартпайды.
20. Мердігер, Ұйымдастырушы мен Серіктес Жеңімпаз алған Жүлденің әрі қарайғы пайдаланылуы үшін жауапкершілік тартпайды. Акцияны өткізу аясында таратылатын жарнамалық материалдарда көрсетілген (көрсетілуі мүмкін) Жүлделердің сыртқы түрі/пішіні/суреті және оларды пайдалану әсерлері нақты жүлделерден өзгеше болуы мүмкін және Қатысушылардың болжамдарымен толық сәйкес келе бермейді.
21. Егер Жүлде осы Ережелердің 19-бабында аталған себептен алынбаса, Жеңімпаз оны қайта талап ете алмайды. Осындай Жүлделерді алмау бойынша шағымдар қаралмайды.
22. Жеңімпаздардың алған Жүлделері айырбасталмайды және қайтарылмайды. Жүлделердің ақшалай баламасы берілмейді.
23. Акция туралы ақпарат, Акцияның елеулі өзгертулері, Акция Жеңімпаздары және басқа да ақпарат Instagram-дағы @visakz_official парақшасында орналастырылады.
24. Мердігер, Ұйымдастырушы кез келген уақытта өз қалауымен, осы туралы Акция Қатысушыларына және барлық мүдделі тұлғаларға осы Ережелерде анықталған әдіспен, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес хабарлай отырып, Акцияны өткізу ережелерін, жүлде

қорын толықтыруға және/немесе мерзімін өзгертуге, сонымен қатар Акцияның өткізілуін толық немесе ішінара тоқтату, уақытша тоқтату, оны өткізуден бас тарту құқығын өздеріне қалдырады.

25. Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес Акция Қатысушысы жіберген қателіктердің қандай да бір салдары үшін, соның ішінде оның шығындары үшін жауапты емес.
26. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы даусыз, сөзсіз және қайтарылмайтын тәртіпте Мердігер, Ұйымдастырушы мен Серіктеске Қатысушының аты-жөнін, жеке деректерін, сұхбатты немесе оның Акцияға қатысуға байланысты басқа материалдарын, соның ішінде Акция қатысушысының фотосы мен видеотүсірілімдерін қолдану, сонымен қатар Акция туралы жарнамалық ақпаратты тарату кезінде Акция Қатысушысы бар фото мен бейнежазбаларды шектеусіз мерзімге және аумақ бойынша шектеусіз, және осындай пайдалану үшін қандай да бір сыйақы төлеместен қолдану құқығын береді.
27. Жұлдені алуға келісе отырып, және өз деректерін ұсына отырып, Қатысушы Мердігермен, Ұйымдастырушымен және Серіктестермен Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңында (әрі қарай – Заң) көзделген ережелерге сәйкес жеке деректерді өңдеуге, соның ішінде жүйелендіруге, жинауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), шығарып алуға, қолдануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, Акцияны өткізу мақсатында оны бүкіл өткізілу мерзімінде және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде жоюға берген өз келісімін растайды. Көрсетілген келісімді Қатысушы Ұйымдастырушыға «ROI GROUP» (РОИ Групп) ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық д-лы 132, 5-кеңсе мекенжайына табыстау туралы хабарламасы бар тиісті тапсырыс хатты жіберу арқылы кез келген уақытта қайтарып ала алады.
28. Акцияға қатысу фактісі Қатысушының дербес деректерін Мердігердің, Ұйымдастырушы мен Серіктестің Акцияны өткізу мақсатында қажетті кез келген тәсілдермен және осы Ережелерде көзделген тәртіппен өңдеуіне еркін, нақты, ақпараттандырылған және саналы түрде келісім білдіруі болып табылады.
29. Осы Ережелердің мақсаттары үшін жеке деректер деп айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) тікелей немесе жанама қатысты кез келген ақпарат түсініледі.
30. Акция Қатысушысы Акцияға қатысуға байланысты өз құқығын үшінші тұлғалардың пайдасына (оның ішінде Жұлдені алу құқығын) табыстауға құқығы жоқ.
31. Акцияға қатысу фактісі Акция Қатысушысының осы Ережелермен танысқанын және келісетінін растайды. Ережелермен келісу толық және шүбәсіз болып табылады.
32. Акцияның барлық нәтижелері, сонымен қатар Мердігердің, Ұйымдастырушы мен Акция Серіктесінің шешімдері ақырғы болып табылады және оған шағым жасауға болмайды.
33. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 327, 351-баптарына сәйкес төлем көзінен салық салынатын кірістерге Жұлделер жатады. Кірістің осы түрі (ұтыс) бойынша ЖТС (жеке табыс салығы) есептеуді және ұстап қалуды Жеңімпазға Жұлдені тікелей беруді қамтамасыз ететін Ұйымдастырушы салық агенті жүргізеді.
34. Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа кезде және даулы жағдайлар туындағанда, Акция қатысушыларымен жазбаша келіссөздер жүргізеу немесе өзге жолмен байланысқа түспеу құқығын өзіне қалдырады.
35. Осы Ережелерде көзделмеген жағдайда ақырғы шешімді Мердігер және/немесе Ұйымдастырушы қабылдайды.
36. Акцияға қатысуға, ұтыстарды өткізуге, Жұлделерді таратуға және өзге мәселеге байланысты қандай да бір сұрақтар туындағанда, Акция Қатысушысы s.zhumali@roi.kz электрондық

адресіне хат жазу арқылы Мердігерге хабарласа алады. Мердігердің жауап хаты Акция Қатысушысынан хат алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде жіберілетін болады.

37. Осы Ережелер Акцияның ресми құжаты болып табылады.